

Шалқар ауданы бойынша 2026 жылға шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 540 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген), Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар ауданы бойынша 2026 жылға туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде ставка бекітілсін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық
мәслихатының төрағасы*

Ж. Шамбалаев